

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОВА Ө., ӘШІРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------	-----

ХҒТАР 17.71.07

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.15>Ө. ЧОБАНОҒЛУ¹ *Қ. ӘШІРХАНОВА² З. ЖҰМАТАЕВА³ Хажеттепе университеті, Анкара, Түркия¹Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан²Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан³(e-mail: ozkulcobanoglu@yahoo.com¹, ashirkhanovak@gmail.com²,zzhumatayeva@nu.edu.kz³)

*МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДІҢ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Тіл – халықтың баға жетпес қазынасы, ұлттық мінез, ұлттық байлығының көрсеткіші, оның әдет-ғұрып, салт-дәстүр, дүниетанымының тарихы. Ұлтымыздың рухани құндылықтарын, мәдени қазынасын ауызға алғанда оның алтын бастау қайнары сөз өнерінен басталатыны сөзсіз. Бітпес дауды бір ауыз сөзбен бітістіретін бабалардың шешендік толғаулары, әр кезеңнің тыныс-тіршілігін көз алдымызға алып келер төкпе өлең-жырлары, дастандары бүгінгі ұрпақтың ұшан-теңіз қазынасына айналып отыр. Соның ең бір шүйгінді саласы ауыздан-ауызға көшіп, ғасырлар бойы жинақталған мақал-мәтелдер, нақыл сөздер десек те болар. Мақал-мәтелдер тілдің ажырамас бөлігі бола отырып, сол халықтың мәдениетін, өзіндік ерекшелігін, дүниетанымын, негізгі құндылықтарын көрсетеді. Демек, мақал-мәтелдерді зерттеу белгілі бір халықтың ұлттық ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Мақал-мәтелдер ұлттық мінез ерекшеліктерімен танысу үшін жақсы материал болып табылады, өйткені оларда халықтың өзіндік ерекшелігінің бейнесі, ізі сақталған. Кез келген тілдегі мақал-мәтелдерді зерттеу сол тілде сөйлейтін адамның менталитеті мен ұлттық сипатын түсінуге ықпал етуі мүмкін. Мақалада мақал-мәтелдердің халықтың мінезін, ұлттық болмысын, ерекшелігін бейнелеудегі орны нақты мысалдармен айқындалып талданады. Бұл мақала жас оқырмандар мен олардың ата-аналарына, сондай-ақ қазақтың ана тілін жақсы көретіндердің барлығына өз білімдерін толықтыруға, өз сөздерін бейнелі, шұрайлы, нақты сөздермен байытуға және жандандыруға көмектеседі.

Түйін сөздер: дүниетаным, ұлттық болмыс, мақал-мәтелдер, құндылықтар, ерекшелік, мәдениет.

* Мақала ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын грант негізінде (АР 13268788 «Қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдердің түркілік негізі») орындалды

Кіріспе. Қазақ халқы – өз бастауын алатын арғы ата-бабаларынан жалғасқан рухани-мәдени құндылықтар жүйесін ұрпақтан-ұрпаққа үзбей жалғастыра отырып, этникалық шыңдаудан өткен көне халықтың ұрпақтары. Әр ұлт шындықты өз биіктігінен қабылдайды. Ол – құбылысты бағалау категориясы, таным деңгейі. Тілдік лингвистикада «тілдің ғаламдық бейнесі», «тілдік таңба» т.б. ғылыми атау негізінде қолданылып жүрген терминдермен аталып жүр.

Мақал-мәтелдер – сол әлемнің, өмірдің өзі сияқты өте күрделі құбылыс, сондықтан мақал-мәтелдерден қоғамдық өмірдегі түрлі оқиғаларды, бір халықтың бүкіл тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, тіпті тарихын, сан ғасырлық тәжірибесін көруге болады. Мақал-мәтелдер халықтың ауызша энциклопедиясы болумен қатар, тәлімгерлік роль де атқарады. Сонымен қатар, тілдің байлығы, сұлулығы және өткірлігі бір халықтың мәдени мұрасы болып табылатын мақал-мәтелдерде анық көрініс табады.

Мақал-мәтелдер халық фольклорының ажырамас атрибуты ғана емес, белгілі бір халықтың мәдениетінің атрибуты, ұлттың өмірінің көрінісі, халықтың ойы мен табиғаты. Мақал-мәтелдерді дұрыс және орынды қолдану сөйлеуге ерекше бірегейлік пен мәнерлілік береді. Сондықтан да халқымызда: «Мақал – сөз мәйегі», – делінеді.

Тіл мен мәдениет өзара сабақтас. Тіл – мәдениеттің маңызды бөліктерінің бірі. Барлық мәдени іс-шаралар тілден бөлінбейді, тіл мәдениетті дамыту мен мұраға қалдырудың маңызды формаларының бірі болып табылады. Әрбір тіл – үлкен рухани байлығы бар мәдениеттің айнасы. Мақал-мәтелдер мәдениетпен тығыз байланысты.

Мақал-мәтелдер – ұрпақтар даналығының көрінісі. Сан ғасырлардан бері сөз мәйегі саналған мақал-мәтелдер адамгершілік заңдары мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы болды және ұлт руханиятының қалыптасуына үлкен әсер етті. Мақал-мәтелдер халықтың тарихи тәжірибесін, олардың еңбек қызметіне, тұрмысы мен мәдениетіне байланысты өмір айнасы.

Мақал-мәтелдерде ұлттық мінез ерекшеліктері көрініс табады, себебі, ұлт болмысының бейнесі халық даналығының көзі болған сөзінде сақталған. Тілдегі мақал-мәтелдерді зерттеу сол тілді тұтылатын халықтың ұлттық болмысын түсінуге ықпал етеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақал-мәтелдердегі қазақ халқының ұлттық мінезі мен болмысын таныту мақсатында лингвистика ілімінің көптеген әдіс-тәсілдері, амалдары, құралдары және жолдары, атап айтқанда сипаттама әдісі, жүйелеу, жинақтау, талдау әдістері пайдаланылады. Мақсат қазақ халқының ұлттық мінез ерекшеліктерін таныту болғандықтан жинақталған материалдар ұлт бойындағы мінез-құлық түрлеріне байланысты сұрыпталады. Әрбір мінез-құлық ерекшеліктеріне сипаттама беріледі, әрі сол ұлттық мінездің мақал-мәтелдерде берілуі, кездесу көріністері нақты мысалдармен дәйектеледі.

Талқылау мен бақылау. Мақал-мәтелдерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу - тілдік фактілерді салыстыру үшін де, олардың кезеңдік даму үдерісін

анықтау үшін де қажетті, маңызды. Ұлттың менталитетін білуде оларды сан қырынан зерттеу нысаны етіп алу керек.

Академик Әбдуәлі Қайдаров мақал-мәтелдерді көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуатты да құнарлы болып саналатын, барлық тілге қатысы бар ерекше әмбебап құбылыс деп есептейді [1,1].

Б. Адамбаев мақал-мәтелдердің өз ұлтының сан ғасырлық өмірлік тәжірибелерінің жиынтығы, болмысының, дүниетанымының көрінісі екендігін атап көрсетеді [2, 27].

Мақал-мәтел туралы В.И. Даль: «Поговорка, по народному же определению, цветочек, а пословица-ягодка», – десе [3,20], И.А. Рыбникова: «Поговорка - это словоупаковка, сформированное предложение, элемент мнения. Пословица – законченное мнение, законченная мысль» [4, 235] – дейді.

М. Әлімбаев мақал-мәтелдердің құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты пікір білдіреді [5,144].

Үлкен кеңес энциклопедиясы мақалды: «Пословица – меткое изречение, которая обобщает и типизирует различное явление жизни» [3,14] – деп береді.

«Мақал-мәтелдер небір философиялық толғанымдарды, күрделі терең ойлар мен қылдан нәзік жібектен биязы, аяулы сезім тебіреністерін әсерлі жеткізетін тіл. Мақал-мәтелдер - сөз саптаудың дербес түрі. Мазмұны жағынан мақал-мәтелдер игі қасиеттерге үндеу, уағыз-өсиет сипатында болады. Мақал-мәтелдер нақылға, жөн сілтеуге ойысады» [6, 18].

Қазақ мақал-мәтелдері санын тізбелесек, Б. Адамбаевтың, М. Әлімбаевтың, Б. Абдуллинаның, Ж. Дәуренбековтың, Ж. Малайсариннің, Ө. Тұрманжановтың т.б. құрастыруымен жарық көрген еңбектерді атар едік. Қазақ мақал-мәтелдері толық жиналып болды деуге болмайды, жиналғандарының өзі түгел жарияланған жоқ. Жинақтарға берілген түсініктер, алғы сөздер мен шағын шолулар болмаса, қазақ мақал-мәтелдері қырқыншы жылдарға дейін зерттелмеген. Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді лингвистикалық тұрғыдан арнайы зерттеген Р.Сәрсенбаев болды. Ол өзінің кандидаттық диссертациясында қазақ мақал-мәтелдерінің лексика-стистикалық ерекшеліктерін алғаш рет арнайы сөз етті. Ғалым мақал-мәтелдердің өзара айырмашылықтарын лингвистикалық тұрғыдан ажыратады. Одан кейін көптеген тілші-фразеологтар өз еңбектерінде мақал-мәтелдердің табиғатына азды-көпті тоқталып отырады. Айталық, І. Кеңесбаев, Ө. Айтбаев, Н. Уәлиұлы, С. Сәтенова, Ш.Сейітова, А. Нұрмаханов, Ғ. Турабаева, Б. Уызбаева т.б. ғалымдар мақал-мәтелдердің бір-бірінен айырмашылықтарын, фразеологияға қатысын ғылыми жұмыстарына арқау етті [6, 23].

Қазақ паремиологиясының қалыптасу тарихын С.К. Кенжемұратова 3 кезеңге бөледі:

1) XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 40-60 жылдарына дейінгі кезең.

2) Мақал-мәтелдердің ғылыми айналымға түскен кезеңі. Бұл кезеңде қазақ мақал-мәтелдерінің тілдік ерекшеліктері мен әдеби табиғаты зерттелді (Ө. Қайдар, Б.Шалабаев, Ө. Айтбаев, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин т.б.).

3) ХХІ ғасырда мақал-мәтелдердің антропоэзектік бағытта зерттелу кезеңі [7,9].

Мақал-мәтелдер паремиологияның зерттеу нысанына жатса да, сайып келгенде, ол – тілдік құбылыс, көркемдік-бейнелеу тәсілінің ішіндегі ең құнарлы да өнімді коммуникативтік қатынас құралы болып саналады. Мақал-мәтелдердің көп қырлы құбылыс екені ғылымда дәлелденген.

Мақал-мәтелдердің табиғатын терең зерттеген ғалым Г. Пермяков: «Бір жағынан, мақал-мәтелдер – бұл тілдің құбылысы, тіркестері тұрақты, көбінесе фразеологиялық оралымдарға ұқсас. Екінші жағынан, бұл белгілі бір пайымдауды білдіретін белгілі бір логикалық бірліктер. Үшіншіден, бұл көркем миниатюралар, шындықтың өзі туралы жалпылама (дәлірек айтқанда, модельдеу) фактілер. Мақал-мәтелдердің үштік табиғаты оларға үштік көзқарасты қажет етеді – тіл құбылысы, ой құбылысы және фольклор құбылысы ретінде» [8, 376] - дейді.

Бұл қағиданы басқа да зерттеушілер қуаттай түседі [9, 101].

Бұдан шығатын қорытынды: бір-біріне етене жақын, бір құбылыстың тел қозыдай екі көрінісі іспетті мақал-мәтелдердің өзара ортақ ұқсастықтары мен өзара ерекшеліктері де бар екендігі. Әрбір ұлттық қоғамдағы орны мен қоғам дамуына қосқан үлесін, ұлттық құндылықтарын, олардың даналық қорындағы мақал-мәтелдердің санымен ғана емес, парасат биігі деңгейімен, мән-мазмұнының тереңдігімен өлшеген дұрыс. Бұл тұрғыда қазақ мақал-мәтелдерінің өткен мен бүгінді тануда жан-жақты маңызы зор.

Тіл – қоғамдық құбылыс болғандықтан, қоғамдағы барлық өзгерістер тілге де әсерін тигізбей қоймайды. Тіліміздің даналығы, шешендігі, қоғамда орын барлық жағдайлар, олардан түйген ой мен жинақтаған тәжірибе де тілге орамды, жүрекке әсерлі қалпында өз дәуірі мен кезеңінің хабаршысындай бүгінгі күнге жетіп отыр. Тіліміздегі мақал-мәтелдер даналардың өзіндей болып, сол заманның ізіндей болып сайрап тұр.

Халықтың даналығы мен рухы оның мақал-мәтелдерінде көрінеді, ал олардың білімі тілді тереңірек білуге ғана емес, сонымен бірге халықтың ой-өрісі мен мінезін түсінуге де ықпал етеді. Мақал-мәтелдер халықтың бай тарихи тәжірибесін, еңбек қызметін, тұрмысы мен мәдениетін бейнелейді. Мақал-мәтелдерді дұрыс және орынды қолдану сөйлеуге ерекше бірегейлік пен ерекше мәнерлілік береді. Қазіргі қазақ тілінде қолданылатын мақал-мәтелдер тарихтың белгілі бір кезеңінде пайда болған, тарих сахнасында өзіне берілген рөлді атқарған. «Тілдің ерекше конструкциялары болып табылатын мақал-мәтелдер алғашында табиғи жағдайда пайда болып, одан кейін тілді айшықты ету үшін қолданылады» [10, 109].

Мақал – лингвисттер зерттеулеріндегі сыры терең, жұмбақ қырлары бар, фольклордың ең қызықты жанры. Мақал – бұл жеке адамдардың пікірін білдірмейді, халықтық бағалауды, халықтық ақыл-ойды білдіреді. Ол – халықтың рухани келбетін, ұмтылыстары мен мұраттарын, өмірдің әртүрлі аспектілері туралы пікірлерін көрсетеді. Халықтық болып табылмаған пікір мен

ой терең тамыр жая алмайды, жойылып кетіп отырады. Мақал сөйлеуде өмір сүреді, тек онда ол өзінің нақты мағынасын алады. Бұл – ғасырлық тәжірибе арқылы адамдарға келген ойлардың көрінісі. Мақалдардың әр қайсысынан назар аударуға болатын пайдалы қорытынды шығады.

Өмір өзгеріп отырды, жаңа мақал-мәтелдер пайда болды, ескілері ұмытылды, бірақ кейінгі дәуірлерге де маңызды құндылық қалды. Мақал-мәтелдердің кең таралуы мен ұзақ өмір сүруіне олардың бір бөлігінің тікелей мағынасын жоғалтып, бейнелі ауыспалы мағынаға ие болуы да себеп болды. Қоғамның қалыптасып дамуында маңызды орын алатын ауыз әдебиеті дәстүрі жеке дара тұлғаның қалыптасуында әлеуметтік маңызы бар фактор. Осы ретте халық арасында қолданылған мақал-мәтелдер қоғамның ақыл-ойы мен пайымдау мәдениетінің ортақтығының көрсеткіші ретінде көрініс табады [11, 5].

Мақал-мәтелдегі шындықтың бейнелі көрінісі өмірдің әртүрлі құбылыстарын эстетикалық бағалаумен байланысты. Эмоционалды заряд іс-әрекетке деген көзқарасты қалыптастырады, бұл мағынаның кеңеюіне әкеледі. Сондықтан мақал-мәтелдердің арасында көңілдісі, қайғылысы, ащысы бар. В. И. Даль халық мақал-мәтелдерінің осы қасиеті туралы былай деді: «Мақал – халық ақылы мен даналығының жиынтығы, бұл ауырсыну мен күрсіну, жылау, қуаныш пен көңілділік, қайғы мен жұбаныш; бұл халық санасының түсі...» [3, 110].

Мәтелдер мақалдармен тығыз байланысты. Мақалдар сияқты мәтелдер де фольклордың кіші жанрына жатады. Көп жағдайда олар мақалдарға қарағанда өте қысқа. Мақалдар сияқты мәтелдер де әдейі орындалмайды, бірақ сөйлеу тілінде жағдайға сәйкес қолданылады. Сонымен қатар, мәтелдер мақалдардан мазмұнының сипаты, формасы және сөйлеуде орындалатын функциялары бойынша айтарлықтай ерекшеленеді.

Мақал-мәтелдер – халық шығармашылығының ауызша кең таралған жанры. Мақал-мәтелдердің пайда болу уақыты белгісіз, бірақ бір нәрсе даусыз: мақал-мәтелдер өте ертеде пайда болып, содан бері өзінің тарихында халықпан бірге жасасып келеді.

Әлемнің барлық халықтарының ерекше жеке мәдениеті мен өзіндік дүниетанымы оның өзара әрекеттесуін, сөйлеу дағдылары мен сөйлеу мәдениетін, күнделікті өмірі мен дәстүрлерін қамтамасыз ететін этно-тілдік ұжымның коммуникативті ерекшеліктерінен айқын көрінеді. Мұндай ерекшеліктер этностардың тілінде жақсы сақталады және осы этностың рухани, мәдени құндылықтарының негізін көрсетеді. Өйткені тілдің дамуы адамдардың іс-әрекетінен тыс болмайды. Тұтас бір ұлтты тіл арқылы тани отырып, оның рухани және материалдық-тұрмыстық өмірінен толық ақпарат алуға болады.

Сондықтан этномәдени өмірді, халықтың, ұлттың дүниетанымдық сипатын қарастыратын антропоэзектік бағыттағы зерттеулер тіл ғылымында өз нәтижелерін береді.

Қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтар жүйесі – жалпы түркі халықтары ата-бабаларының дүниетанымымен, тарихымен, өмір тәжірибесімен

үздіксіз жалғасып келе жатқан тұтас құбылыс. Мақал-мәтел – сөздің мұнарасы. Мұнара биіктікті, парасат асқарын меңзейді. Мақал-мәтелдер – белгілі бір халықтың өмірде көрген-білгендерінен қорытқаны. Халық өзінің басынан өткергенін сөзде бедерлеген, ой қорытқан, тұжырым жасаған. Халқымыздың өмір салты, қуанышы мен күйініші, қайғысы мен жұбанышы, кемелдікке бастайтын тәлім-тәрбиесі – барлығы да мақал-мәтелдер арқылы адамдық қасиеттің бұлжымас заңындай ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жетіп отырды.

Сөз қолданудың баға жетпес інжу-маржаны саналатын мақал-мәтелдерде тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні дәл, мәнерлі, қысқаша, нақты айтылады. Мақал-мәтелдер әдетте ұйқасқа құрылады. Олардың көпшілігі метафоралар, эпитеттер, қайталаулар мен параллелизм сияқты жолдармен жасалады.

Ғалымдардың зерттеулері тілімізде он бес мыңнан астам мақал-мәтелдер бар деп көрсетеді [6, 150]. Демек, қаншама даналық сөздер, нақыл сөздер, ақыл сөздер бар. Бүтін бір халықтың ұзақ тарихының, саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өмірінің, өткені мен бүгінінің, тіршілігі мен шаруашылығының куәсі – сөз байлығы мақал-мәтелдерінде өрнектелген. Халық қуанышын да қайғысын да, өмірлік көргенін де, білгенін де тоқсан ауыз сөзге тобықтай түйе білген.

Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену – қазақ халқының ұлттық мінезі. «Ұлың өссе ұлы жақсымен ауылдас бол, Қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол» деп отыратын әр қазақ ұрпақ тәрбиесіне ұлт тәрбиесі деп қараған. Әр қазақ әйелі ұл-қыз тәрбиелеп отырмын деп қана емес, ұлттың болашағын тәрбиелеп отырмын деп асқан жауапкершілікпен қараған. Олай болса, әрбір сөзі тәрбиеге тұнып тұрған мақал-мәтелдердің орны да ерекше.

Әрине, мақал-мәтелдердің барлығын қамту мүмкін емес. Солай бола тұрса да, бала тәрбиесінде, қоғам тәрбиесінде аса қажетті ұғымдарға байланысты қазақтың мақал-мәтелдерін талдау қазақтың ұлттық сипаты мынадай негізгі белгілерді қамтитынын көрсетті: туған жерге деген махаббат; әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрлерге адалдық; өз отбасына, отбасындағы үлкендер мен балаларға, ел-жұртқа құрметпен қарау; қонақжайлылық заңын мұқият сақтау т.с.с.

1. Туған жерге деген махаббат:

«Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас» [12, 6]; «Кісі елінде күркірегенше, Өз елінде дүркіере» [12, 5]; «Отансыз адам - қор, Отаны бар - зор» [12,9]; «Үйде атаңның намысын қорға, Түзда Отаныңның намысын қорға» [12, 9] т.б.

Мақал-мәтелдерде қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, діни-мифологиялық нанымдарды, тұрмыс пен әдет-ғұрыптарды, құндылықтардың жалпы жүйелерін және этникалық бірегейліктің, дүниетанымның ерекшеліктерін бейнелейтін тілдік бірліктер ұлттың ұлттық бірегейлігін айқындайтын тілдік бірліктермен тоғысады.

Қазіргі қазақтар дәстүрінде туған жердің топырағынан тұмар тағу дәстүрі де жерге тағзым етуден қалған белгілердің бірі екендігін белгілі ғалым А. Сейдімбек атап көрсетеді [13, 272].

Асанқайғының Желмаяға мініп адамзаттың өмір сүруіне қолайлы жер – Жерұйықты іздеп қазақ даласын аралап шығуы жайлы аңыздың сақталуы да жер қадірлеу идеясынан туындаған. Көне түркілер дәуірінен жеткен жерді қастерлеу, киеле санау қазақ тіліндегі жерұйық «малға, жанға құт, шұрайлы жер» [14, 297].

2. Адалдық, әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрлерге адалдық:

«Жаным - арымның садағасы» [12, 311]; «Әдет-ғұрып, салт-сана – елдігімнің еншісі» [12, 103]; «Ант бұзған оңбайды, Салт бұзған сорлайды» [12, 104]; «Ақылың болса, Ақылға ер, Ақылың болмаса, Нақылға ер» [12, 105]; «Өнеге күші – өлшеусіз» [12, 105]; «Өнегесіз өсу жоқ» [12,106]; «Өнерін сыйлаған өрге шығады, Дәстүрін сыйлаған төрге шығады» [12, 106] т.с.с.

«Ұлттық мәдениеттің мәні ұлттық санада ұжымдық (этностық) тұтастық, әлеуметтік интеграция, рухани кеңістік қалыптастыруымен сипатталады. Оның айқын көріністері сакрализация тәсілі мен ұлттық психологиялық негіздегі сан қырлы символдық жүйе мен тілде көрінеді. Соның нәтижесінде мәдениеттің негізгі арқауы сақталады, жаңа сапада жаңғырады, ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Шын мәнінде қоғамда ұрпақтар жалғастығы мәдени мұраларды игеру, қабылдау, әрі қарай дамыту арқылы жүзеге асады. Атап айтқанда, мәдени ақпараттар салт-дәстүр, әдет-ғұрып т.б. рәміздік жүйемен қатар тіл арқылы, сөз өнері, сөз мәдениеті арқылы жүзеге асады» [15, 21].

3. Өз отбасына, отбасындағы үлкендер мен балаларға, ел-жұртқа құрметпен қарау: «Әйел – үйдің ажары, Бала – үйдің базары» [12, 225]; Ағайының көп болса, Қоғам бол, Бірің оған, Бірің бұған бол» [12, 225]; «Жақсы келін қызыңдай, Жақсы күйеу ұлыңдай» [12, 227]; «Ағасы бардың жағасы бар, Інісі бардың тынысы бар» [12, 229]; «Ағайын ала болса, Аузындағысынан айрылар» [12, 234] т.с.с.

Ата-ана алдындағы парыз ұғымы – ұлттық менталитетіміздің ерекше құнды ұғымдарының бірі әрі қасиеттісі, адамдықтың жоғары деңгейлі өлшемі болып саналады. «Ата-анаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деп ұрпағының тәрбиесінде басты қағида ретінде ұстанған.

Қазақ ұлтының ерекше атап өтетін адамгершілік қасиеттерінің бірі де – бауырмалдық, туған-туысқанға деген құрмет, ата-ананы, аға-ініні сыйлау, қыз балаға қамқор болу.

Ұлтымыздың артықшылығы, тамырын тереңнен алатын қасиетті борышы – тірісінде ата-бабаны сыйлау, өлгенде рухын, аруағын ардақтау салты құрайды. Аруақ – өмірден өткен адамның рухы.

«Өз-өзіңді жаттай сыйла, Жат жанынан түңілсін», – деп, қазақ өз отбасына, отбасындағы үлкендер мен балаларға құрметпен қараған. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген ұстаныммен өмір сүрген қазақ ұлтының ата-бабасын сыйлау құрметі тірісінде де, өлісінде де бірдей.

Қазақ үшін қасиетті ұғымдардың бірі болып табылатын «ел» сөзінің мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердегі қолданысы Ел ұғымының

этномәдени мазмұнын тереңірек ашуға көмектеседі. Мысалы, Ел іші – алтын бесік; Өз елімнің басы болмасам да, Сайының тасы болайын; Елінен безген ер оңбас, Көлінен безген қаз оңбас; Ел құлағы елу; Елде болса ерінге тиеді, Ауылда болса ауызға тиеді; Адассаң елмен адас т.б. мақалдарда қазақ халқының дүниетанымындағы «Елдің» қадір-қасиеті, маңыздылығы бейнеленеді.

4. Қонақжайлылық әдебін мұқият сақтау да қазақ деген қасиетті елдің жазылмаған дала заңындай:

«Сый қылсаң, Сыпыра қыл»; «Жақсыны сыйласаң, Есінен кетпейді. Жаманды сыйласаң, Есігіңнен кетпейді»; «Жақсылық қылдың – құп қылдың, міндет еттің – жоқ еттең» [12, 387] «Жақсылық біреуден қайтпаса біреуден қайтады» [12, 386]; «Жақсылық еккен – алғыа орады» [12, 387]; «Сыйлассаң сый кісі, Сыйласпаң бір кісі» [12, 387]; «Шақырғанға бармасаң, Шақырусыз қаласың» [12, 390]; «Асың барда ел таны беріп жүріп, Атың барда жер таны желіп жүріп» [12, 390] т.с.с.

Адамгершілік идеясы ұлт бойындағы жақсы қасиеттерді ұлықтап, жамандықтан қашыра тәрбиелеуге негізделеді. Жақсы қасиеттер мен жаман қылықтарды салыстыра бейнелей отырып, ұрпағының келешегіне жол сілтеп, қадамын қадағалап отырған даналыққа негізделеді. Адам болудың басты талаптарының бірі этикалық норма-қалыптарды сақтауға негізделеді. Жаман адам, әділетсіз адам, арам адам, мейірімсіз адам, қатігез адам, әдепсіз адам, өтірікші адам, жемқор адам, қанішер адам т.б. тәрізді адамның жағымсыз қырлары жайлы түсініктің қалыптасуы адамның этикалық нормаларды сақтамауынан туындайды.

Адамның кісілігі оның адамгершілік және жауапкершілік деңгейімен сипатталатындықтан қазақ танымындағы тұлға теориясы да жалпы адамзаттық тұлғаның атрибуттарынан толық жауап бере алатын индивидтер аарқылы бейнеленеді. Философтардың көрсетуі бойынша: «Басқа ерікке толығымен бағынған және өз дүниетанымынан, өз ойы мен көзқарасынан айрылған адам – тұлға емес. Адам бойындағы интеллектуалдық-адамгершілік және еріктік қасиеттере неғұрлым айшықты көрінген сайың, оның өмірлік бағдарлары жалпы адамзаттық құндылықтармен сәйкес келеді, тұлғаның өзінің де маңызы артып, бұл құндылықтардың орнығуы мен дамуына оң ықпалымен әсер етеді. Бұл тұрғыда ол өз рухы, еркіндігі, шығармашылығы жақтарымен сипатталаы» [15, 249].

Қазақ ұлтының бойындағы әлем жұртшылығы мойындаған қасиеттердің бастысы –қонақжайлылық мінезі. Жалғыз атын сойып қонақжайлылық танытып, жалғыз атын түсіп беріп жомарттық жасайтын мысалдар жеткілікті. Бұл да халқымыздың дархан көңілі мен кең пейілінің көрінісі.

5. Білім мен ақылдың пайдасы:

«Көп ойлассаң – дана боласың, көп ойнасаң – бала боласың»; «Білімдіге дүние жарық, Білімсіздің күні кәріп» [12,140]; «Көп оқыған білмейді, Көп тоқыған біледі» [12,142]; «Білімдімен дсс болсаң, Сасқанда ақылын айтар.

Білісізбен дос болсаң, Топ ішінде бетің қайтар» [12,144]; «Ақылды ойланғанша, Ақымақ суға кетеді» [12, 211]; «Ақылы терең адамның аясы кең келеді. Тамыры терең шынардың саясы кең келеді» [12, 215] т.с.с.

Саналы адамзат болмысының ерекше қырларының бірі – әуесқойлық, өзін-өзі, қоршаған ортаны, табиғи құбылыстарды танып-білуге деген құлшыныс. Адамды адам ететін, оның сапалық мәнділігін арттыруға ықпал ететіні де осы қасиеті. Сондықтан адамды философиялық категория ретінде қарастыратын философтарды да, тілдік категория ретінде танитын лингвистерді де «ішке таным дүниесі бай, заттар мен құбылыстарды танып білуде өзіне ұқсас адамдардың әлеміне деген қызығушылық қетynesы бар тілді, сананы тасымалдаушы адам» [16,114) қызықтырады. Адамзаттың жаратылыстың күрделі де құпия құбылыстарының сырын білу, пайдасы мен зиянын түсіну мақсатындағы іс-әрекеті олардың танымын да кеңейте түседі. Адамзаттың «білсем» деген құлшынысынан туындаған туған мақал-мәтелдер де баршылық.

6. Еңбексүйгіштік:

«Еңбек етсең – емерсің» [12, 58]; «Таңмен таласа тұрғанның, Талай ісі бітеді. Тал түске дейін жатқанның талай ісі кетеді» [12, 59]; «Еңбек - өмірді ұзартады, Ұят – бетті қызартады» [12, 61]; «Мың шыбық шаншып өсірсең, Халқыңа орман салғаның. Халқыңа орман салғаның – Өзіңе қорған салғаның» [12, 68]; «Алғыр жігіт ақылына қарай іс қылар, Олақ жігіт оңай жұмысты күш қылар» [12, 77] т.с.с.

Тіл табиғатын сол тілде сөйлейтін халықтың болмысы, мәдениеті арқылы, халық болмысын сол халықтың сөйлеу тілі арқылы тану идеясы тілдік тұлғаның маңыздылығын айшықтай түседі.

Ғалым Н. Уәли Абайдың «Адамына қарап сөзін алма, Сөзіне қарап адамын ал» деген Абайдың философиялық ойы оның сөздері арқылы әлеуметтік, тәрбиелік, психологиялық тұлғасын танудың антропоцентристік идеясымен үндесетінін анық көрсететінін, орталық ұғымы, сөз мәдениетінің өзегі тілдік норма болып табылатын дәстүрлі парадигмада да, енді жаңа парадигмада сөз мәдениетінің өзегі тілдік тұлға болуы керек екендігін айта келе [17,16], антропоэлектік бағыттағы зерттеулер үшін тілдік тұлғаны танып-білудің қажеттілігін баса көрсетеді.

7. Өтірік айту мен еріншек болудың зияндылығы:

«Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» [12, 359]; «Жыртық үйді жел табар, Өтірік сөзді шын табар» [12, 324]; «Өтірікшінің шын сөзі зая кетер», «Өтірік деген дұшпан бар, Отқа сүйреп салады» [12, 329]; «Еріншекке бүгіннен ертең оңай» [12,359]; «Еңбек еткеннің мұқтажы табылар, Еріншек барлығынан қағылар» [12,361]; «Еріншек түске дейін ұйықтайды, кешке дейін есінейді» [12,360]; «Ерінген аузындағысынан айырылады,

Ерінбеген арыстанның аузындағыны алады [12, 360] т.с.с.

Нәтижелер. Тұлғаның басты атрибуттарының бірі – еркіндік. Бірақ жауапкершіліксіз еркіндік бейберекетсіздікке ұрындырады. Кез келген қоғамдағы адам, маңызды тұлға белгілі бір моральдық стандарттар мен шектеулерге бағынбаса халық алдындағы беделінен айрылады. Соңдықтан жауапкершілік – тұлғаға қойылатын талаптардың бірі әрі ең қиыны. Неғұрлым тұлғаның маңыздылығы артқан сайын, соғұрлым ол арқалайтын жүктің де салмағы ауырлайтын болады. Ата-бабаларымыздың, небір ұлағатты сөз қалдырған шешендер мен билердің ел алдындағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең ұғынғанын мақал-мәтелдерден анық аңғарамыз.

Өз халқын қазақ болмысына жат қылықтардан (Өтірік айту мен еріншек болудың зияндылығы, жалқаулық пен еріншектік т.с.с.) сақтандыру мәселесін де назардан тыс қалдырмаған, аштықта да, тоқтықта да, қандай жағдайда болса да кісілік қасиеттерді сақтай білудің қажеттілігі жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдерде айтылады. Бұл мақал-мәтелдер –ел алдындағы, ұрпақ алдындағы барлық жауапкершілікті терең түсінген қазақ ұлтының дүниетанымын көрінісін, ұлттық ерекшелігін көрсететін даналық сөздерінің қатарына жатады.

Қорытынды. Мақал-мәтел – сөз мәйегі. Мақал-мәтелдердің артықшылығы – олар ойларды әрі қысқа, әрі нұсқа, әрі өткір етіп бейнелеуінде, жеткізуінде. Мақал-мәтелдер – халық даналығының көрінісі. Өмір бір орнында тұрмайды. Тіл – жанды құбылыс. Қоғамдық формациялардың өзгеруімен, құндылықтардың ауысуына байланысты жаңа мақал-мәтелдер туындап отырады. Оны да тудыратын – халық. Ұлттық менталитеттің ерекшелігі негізінде қалыптасқан және дамыған мақал-мәтелдер көркем шығарманың тілін жаңдандыру тәсілі ретінде шығарманың тіліне ұлттық бояу береді. Авторлардың шығармаларындағы мақал-мәтелдер де осынысымен ерекшеленеді. Болашақта жеке авторлық қолданыстардың ерекшеліктерін де зерттеу қажет болып табылады.

Мақал-мәтелдерде адам туралы, оның кісілік қасиеттері туралы шынайы білім қоры жинақталғанын көреміз. Адамзаттың табиғи болмыс бітімінде қалыптасқан даралық қасиеттерін: туған жер – Атамекенді пір тұтуын, әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрлерге адалдығын, Өз отбасына, отбасындағы үлкендер мен балаларға, ел-жұртқа құрметпен қарауын, қонақжайлылық заңын мұқият сақтауын, Білім мен ақылдың пайдасын білуін, еңбексүйгіштік қабілетін, өтірік айту мен еріншек болудың зияндылығын, азаттық пен тәуелсіздікті бәрінен жоғары қоятын асқақ рухын сипаттайды.

Осылайша, ұлттық сипат – бұл белгілі бір ұлттың өкіліне тән дене және рухани қасиеттердің, мінез-құлық нормаларының және іс-әрекеттің жиынтығы деп толық айтуға болады.

Әдебиеттер

1. Қайдаров Ә., Тұрабаева Ғ. Қазақ мақал-мәтелдері мен авторлық-стильдік варианттары жайында // ҒА Хабарлары. Тіл сериясы. – №3. – Алматы, 1982.

2. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 106 б.
3. Даль, В. И. Пословицы и поговорки русского народа / В. И. Даль. – Москва : ЭКСМО-Пресс, 2000. – 606 с.
4. Рыбникова М. А. Русские пословицы и поговорки. – Москва: Изд. АН СССР, 1962. – С. 32 .
5. Әлімбаев М. Мақал-мәтелдер және аударма. – Алматы, 1972. – 170 б.
6. Қарсыбекова Ш. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері. Монография. – Алматы: Нұрлы әлем, 2011. – 109 б.
7. Кенжемұратова С.К. Мақал-мәтелдердің синтаксисі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Астана, 2002. – 29 б.
8. Пермяков Г. Л. Пословицы и поговорки народов Востока: Систематизированное собрание изречений двухсот народов. – М.: Ленанд, 2020. – 672 с.
9. Аникин В.П. Русские народные пословицы, поговорки, загадки и детский фольклор. Пособие для учителя. – М.: Учпедгиз, 1957. – 240 с.
10. Ершаева А.Р., Ескеева М.Қ. «Қорқыт ата» кітабындағы адамға қатысты паремиялардың қазақ тілінде сақталуы мен дамуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – №3 (125). – 2022. – Б. 107-115. DOI: <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.09>
11. Kurudayıoğlu M., Temur N. Yüzyıl Becerileri Çerçevesinden Türk Atasözlerine Bir Bakış // Bilig, Sayı 99, Sayfa 1-25, Güz 2021. DOI: <https://doi.org/10.12995/bilig.9900>
12. Сегізбайұлы К. Бабадан қалған байлығым. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Атамұра, 2014. – 408 б.
13. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
14. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
15. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
16. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М. Искусство, 2001. – 208 с.
17. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. филол. ғыл. док, автореф. – Алматы, 2007. – 49 б.

О. ЧОБАНОГЛУ

Университет Хаджеттепе, Кампус Бейтепе, Анкара, Турция

К.А ШИРХАНОВА

Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан

З. ЖҰМАТАЕВА

Назарбаев университет, Астана, Қазақстан

ПОСЛОВИЦЫ КАК ОТРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ХАРАКТЕРА

Аннотация. Язык – бесценная сокровища народа, национальный характер, показатель национального богатства, история его обычаев, традиций, мировоззрения. Говоря о духовных ценностей, культурных сокровищ нашей нации, мы знаем, что ее золотой источник, несомненно, начинается с искусства

слова. Ораторские произведения предков, которые одним словом примирить спорящие стороны, поэтические поэмы, передающие жизнь каждого периода, стали сокровищницей современного поколения. Система духовно-культурных ценностей казахского народа – это целостное явление, непрерывно продолжающееся с мировоззрением, историей, жизненным опытом предков. Пословицы, являясь неотъемлемой частью языка, отражают культуру, самобытность, мировоззрение, основные ценности этого народа. Следовательно, изучение пословиц помогает понять национальные особенности конкретного народа. Пословицы являются хорошим материалом для ознакомления с особенностями национального характера, так как в них сохранился образ, отпечаток самобытности народа. Изучение пословиц на любом языке может способствовать пониманию менталитета и национального характера человека, говорящего на этом языке. В статье анализируется место пословиц в изображении характера, национальной идентичности, специфики народа на конкретных примерах. Данная статья интересна широкому кругу читателей, а также всем, кто желает обогатить и оживить свой лексический запас образными, грациозными, конкретными словами.

Ключевые слова: мировоззрение, национальная идентичность, пословицы, ценности, специфика, культура.

O.COBANOGU

Hacettepe University, Beytepe Kampus, Ankara, Turkey

K.ASHIRKHANOVA

Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan

Z. ZHUMATAYEVA

Nazarbayev Unuversity, Astana, Kazakhstan

PROVERBS ARE A REFLECTION OF NATIONAL CHARACTER

Annotation. Language is an invaluable treasure of the people, an indicator of national character, national wealth, the history of its customs, traditions, worldview. When we take into account the spiritual values and cultural treasures of our nation, its golden source begins with the art of speech. The eloquent reflections of the ancestors, which reconcile the endless dispute with one word, poems and epics that bring the life of each period to our eyes, become the treasures of the sea of today's generation. Perhaps one of the most important branches of this are proverbs and sayings, which have passed from mouth to mouth and accumulated over the centuries. It is clear that the system of spiritual and cultural values of the Turkic peoples as a whole is a holistic phenomenon, which is continuously connected with the worldview, history, life experience of the Turkic peoples of their ancestors. Proverbs, being an integral part of the language, reflect the culture, originality,

worldview, basic values of this people.

Therefore, the study of proverbs helps to understand the national characteristics of a particular population. Proverbs are a good material for getting acquainted with the peculiarities of the national character, because they have preserved the image, the imprint of the originality of the people. The study of proverbs in any language can contribute to understanding the mentality and national character of a person who speaks that language. The article analyzes the place of proverbs and sayings in the reflection of the character, national identity and identity of the people by specific examples. This article will help young readers and their parents, as well as everyone who loves the native Kazakh language, replenish their knowledge, enrich and revive their speech with figurative, concise, concrete words.

Keywords: worldview, national identity, proverbs, values, originality, culture

References

1. Qaidarov Ä., Tūrabaeva Ğ. Qazaq maqal-mätelderı men avtorlyq-stildik varianttary jaiynda // ĞA Habarlary. Tıl seriasy. – №3. – Almaty, 1982.
2. Adambaev B. Halyq danalyǵy. – Almaty: Mektep, 1976. – 106 b.
3. Däl, V. İ. Poslovisy i pogovorki ruskogo naroda / V. İ. Däl. – Moskva : EKSMO-Pres, 2000. – 606 s.
4. Rybnikova M. A. Ruskie poslovisy i pogovorki. – Moskva: İzd. AN SSSR, 1962. – S. 32.
5. Älmbaev M. Maqal-mätelder jäne audarma. – Almaty, 1972. – 170 b.
6. Qarsybekova Ş. Qazaq tılındeǵı maqal-mätelderdi toptastyrudıñ etnolingvistikalıq prinsipteri. Monografıa. – Almaty: Nürly älem, 2011. – 109 b.
7. Kenjemuratova S.K. Maqal-mätelderdiñ sintaksisi. Filologia ğylymdarynyñ kandidatı ğylymi дәреjesin alu üşin daiyndalǵan disertasiya avtoreferaty. – Astana – 2002. – 29 b.
8. Permäkov G. L. Poslovisy i pogovorki narodov Vostoka: Sistemativirovannoe sobranie izrecheni dnuhsot narodov. İzdatelstvo: Lenand; God izdania: 2020. – 672 s.
9. Anikin V.P. Ruskie narodnye poslovisy, pogovorki, zagadki i detski föklor. Posobie dlä uchitelä. – M.: Uchpedgiz, 1957. – 240 s.
10. Erşaeva A.R., Eskeeva M.Q. «Qorqyt ata» kitabındaǵy adamǵa qatısty pamiälardıñ qazaq tılınde saqtaluy men damuy // İasauı universitetiniñ habarşysy. – №3 (125). – 2022. – B. 107-115 <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.09>
11. Kurudayıoǵlu M., Temur N. 21. Yüzyıl Becerileri Çerçevesinden Türk Atasözlerine Bir Bakış // Bilig, Sayı 99, Sayfa 1-25, Güz 2021. DOI: <https://doi.org/10.12995/bilig.9900>
12. Segızbaiüly K. Babadan qalǵan bailyǵym. Qazaq maqal-mätelderı. – Almaty: «Atamūra», 2014. – 408 b.
13. Seidimbek A. Qazaq älemi. – Almaty: Sanat, 1997. – 464 b.
14. Qazaq tılınıñ tüsindirme sözdıǵı. – Almaty: Daik-Pres, 2008. – 968 b.
15. Mankeeva J.A. Qazaq tılındeǵı etnomädeni ataulardıñ tanımdyq negızderı. – Almaty: Jibek joly, 2008. – 356 b.
16. Maslova V.A. Lingvokülturologia. – M. İskustvo, 2001. – 208 s.
17. Uäli N. Qazaq söz mädenietiniñ teorıalyq negızderı. filol. ğyl. dok, avtoref. – Almaty, 2007. – 49 b.

Авторлар жайлы мәлімет:

Өзкул Чобаноглу – философия докторы (PhD), Хажеттепе университетінің профессоры, Бейтепе, Анкара, Түркия.

Озкул Чобаноглу – доктор философии (PhD) профессор Университета Хаджеттепе, Бейтепе, Анкара, Турция.

Ozkul Cobanoglu – Doctor of Philosophy (PhD), Professor, Hacettepe University, Beutepe, Ankara, Turkey.

Әшірханова Қарлығаш – философия докторы (PhD), Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы, Атырау, Қазақстан.

Аширханова Карлығаш – доктор философии (PhD), старший преподаватель, Атырауского университета имени Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан.

Ashirkhanova Karlygash – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan.

Жұматаева Зейнеп – педагогика ғылымдарының кандидаты, Назарбаев университетінің ассистент профессоры, Астана, Қазақстан.

Жуматаева Зейнеп – кандидат педагогических наук, ассистент профессор Назарбаев университета, Астана, Казахстан.

Zhumatayeva Zeynep – candidate of pedagogical sciences, assistant professor Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.